

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОМИТЕТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
№5 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

14.01.2025 ж.

Қатысқандар: Факультет деканы А.Өзтүрк, Факультет ОӘК төрағасы М.Талдыбаева, деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Сүинжанова, ғылым және халықаралық қатынастар ісі жөніндегі орынбасары Е.Алашбаев, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ю.Алимова, «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі С.Бейсембаева, «Жалпы академиялық ағылшын тілі» кафедрасының меңгерушісі Б.Турлыбеков, «Түрік филологиясы» кафедрасының меңгерушісі К.Семиз, «Ағылшын филологиясы және аударма ісі» кафедрасының меңгерушісі А.Ермекбаева, «Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының меңгерушісі Л.Қазыханқызы, «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі Ж.Исаева, факультет СМЖ жұмысына жауапты Ы.Нурмагомбетова, кафедраның ОӘК жауапты төрайымдары, факультет ОӘК хатшысы А.Құрбан.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Кафедралардағы оқу-әдістемелік жұмыстарының жарты жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну
2. ББ 2024-2025 о.ж. еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жоспарлау
3. Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық аттестаттау нәтижелеріне байланысты оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерін, оқыту нәтижелерін талдау
4. Әртүрлі мәселелер

1. Кафедралардағы оқу-әдістемелік жұмыстарының жарты жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну

Факультет деканы А. Өзтүрк ОӘК мүшелерін жаңа жылымен құттықтап, 2024-2025 оқу жылындағы факультеттің оқу-әдістемелік жұмыстарына арналған Академиялық комитет мәжілісін ашық деп жариялады. Ол қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып, бірінші мәселе – кафедралардағы оқу-әдістемелік жұмыстарының жарты жылдық есебін талқылау екенін атап өтті.

Бұл мәселе бойынша деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Сүинжанова сөз алып, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстары бойынша жарты жылдық есептері ұсынылғанын хабарлады. Ол жоспарланған жұмыстардың орындалғанын және оқу үдерісін жетілдіру бағытында бірқатар шаралар атқарылғанын атап өтті.

Кафедра меңгерушілері өз бөлімшелеріндегі оқу-әдістемелік қызметтің нәтижелері туралы баяндап, жетістіктері мен кездескен қиындықтары туралы пікірлерімен бөлісті. Талқылау барысында оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру, әдістемелік материалдарды жаңарту және оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыру мәселелері қарастырылды.

ШЕШІМ: Кафедралардағы оқу-әдістемелік жұмыстарының жарты жылдық есебі мақұлданып және университеттің Академиялық комитетіне бекітуге ұсынылсын. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

2. ББ 2024-2025 о.ж. еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жоспарлау

Факультет ОӘК төрағасы М.Талдыбаева білім беру бағдарламаларының 2024-2025 оқу жылындағы ұлттық рейтингтерге қатысу нәтижелерін таныстырып, факультеттің позициясын жақсарту үшін маңызды көрсеткіштерге назар аударды.

Кафедра меңгерушілері рейтинг нәтижелерін қарастырып, әр кафедра бойынша көрсеткіштерді жақсарту үшін қажетті шараларды талқылады. «Ағылшын филологиясы және аударма ісі» кафедрасының меңгерушісі А.Ермекбаева түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін арттыру маңызын атап өтті, ал «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі С. Бейсембаева ғылыми жарияланымдар санын көбейту қажеттігін ұсынды.

ШЕШІМ: Білім беру бағдарламаларының 2024-2025 оқу жылындағы рейтинг нәтижелері ескерілсін. Кафедралар өз бағыттары бойынша көрсеткіштерді жақсарту бойынша жұмыс жүргізсін. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

3. Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық аттестаттау нәтижелеріне байланысты оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерін, оқыту нәтижелерін талдау

Факультет ОӘК төрағасы М.Талдыбаева білім алушылардың үлгерімі мен аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жалпы шолуды ұсынып, олардың оқу сапасына ықпалын атап өтті. Ол кейбір пәндер бойынша үлгерімнің төмен болуының себептерін талдау қажеттігін айтты.

Деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Сүинжанова білім алушылардың академиялық үлгерімін арттыру мақсатында қосымша консультациялар мен қолдау шараларын ұйымдастыруды ұсынды. «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі С.Бейсембаева кейбір студенттердің белсенділігінің төмендігіне назар аударып, өзіндік жұмысты күшейту керектігін атап өтті.

ШЕШІМ: Білім алушылардың үлгерімі мен аралық аттестаттау нәтижелеріне талдау жүргізу мақұлданды. Кафедралар үлгерімі төмен студенттерге арналған қолдау шараларын жетілдірсін. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

4. Әр түрлі мәселелер

4.1 Әртүрлі мәселелер бойынша факультет оқытушыларының оқу құралдарын бекіту және университеттің оқу-әдістемелік комитетіне ұсыну.

Факультет деканы А.Өзтүрк «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының оқытушысы Г.Адамованың «Русский язык В1» атты оқу құралымен таныстырды.

Г.Адамова «Русский язык В1» атты құралында оқу материалдары мен тапсырмалары білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға бағытталған, және де білім алушыларға мейлінше түсінікті болуы үшін, әрі тақырыпты оларға жан-жақты меңгерту мақсатында теориялық материалдардан кейін, пысықтау сұрақтары мен практикалық және рефлексиялық тапсырмаларды молынан қамтыған.

М.Талдыбаева сөз алып, Г.Адамованың «Русский язык В1» атты оқу құралының сараптамадан өтіп оң пікір алғанын айтып, антиплагиат жүйесінің анықтамасы, ішкі және сыртқы пікірлерімен таныстырды.

Талқылай келе, Г.Адамованың «Русский язык В1» атты оқу құралы жоғарғы оқу орындарында орыс тілін В1 деңгейі бойынша қажетті құрал, факультеттің оқу-әдістемелік комитетіне ұсынуға болады деп оң пікір білдірді.

ШЕШІМ:

4.1 «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының оқытушылары Г.Адамованың «Русский язык В1» атты оқу құралы бекіту үшін университеттің оқу-әдістемелік комитетіне ұсынылсын.

Факультет ОӘК төрағасы

Талдыбаева

М.Талдыбаева

ОӘК хатшысы

Ақсұ

А.Құрбан